

10-СЫНЫП ГЕОМЕТРИЯ

2-сабақ тапсырмалары:

Кеңістіктегі фигуралар. Тетраэдр, куб, параллелепипед. Кеңістіктегі фигуралар. Призма, пирамида


1-есеп. а) Тетраэдр; ә) куб; б) параллелепипедтің неше төбесі (Т), қыры (К) және жағы (Ж) болады?

Жауабы: а) $T=4, K=6, Ж=4$; ә) $T=8, K=12, Ж=6$; б) $T=8, K=12, Ж=6$.

2-есеп. $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ кубынан болатын және ABC жазықтығын қиып өтетін түзулерді көрсетіңдер.

Жауабы: AA_1, BB_1, CC_1, DD_1


3-есеп. Торкөз қағазда кубтың үш қыры кескінделген. Кубтың толық кескінін салындар.



4-есеп. а) Тетраэдрдің; ә) кубтың; б) параллелепипедтің неше диагоналі болады?

Жауабы: а) 0; ә) 4; б) 4.


5-есеп. Суретте кескінделген фигуралардың қайсысы кубтың жазбасы болады?



Жауабы: б), г), д)

6-есеп. Тетраэдрдің және тікбұрышты параллелепипедтің жазбасын салындар.

7-есеп. Төрт тең тікбұрышты үшбұрыштардан құрылған фигура тетраэдрдің жазбасы бола ма?



Жауабы: жоқ

8-есеп. Жақтары ромбы болатын көлбеу параллелепипедтің жазбасын салыңдар.

9-есеп. Көлбеу параллелепипедтің жазбасын дайындап, оның моделін құрастырыңдар.

10-есеп. Призманың: а) 9 төбесі; ә) 16 төбесі болуы мүмкін бе?

11-есеп. а) 20 төбесі; ә) 10 төбесі бар призманың табанында қандай көпбұрыш жатады?

12-есеп. а) 10 төбесі; ә) 18 қыры; б) 8 жағы бар призманың түрін анықтаңдар.


13-есеп. Пирамиданың: а) 9 қыры; ә) 16 қыры болуы мүмкін бе?

14-есеп. а) 32 қыры; ә) 15 жағы бар пирамиданың табанында қандай көпбұрыш жатады?

15-есеп. а) 10 төбесі; ә) 18 қыры; б) 8 жағы бар пирамиданың түрін анықтаңдар.


16-есеп. $SABCD$ төртбұрышты пирамиданың жақтары жататын жазықтықтардың қиылысқан жұптарын көрсетіндер.

17-есеп. Суретте призманың жазбалары болатын фигураларды табыңдар. Призмалардың түрін анықтаңдар.



18-есеп. а) n - бұрышты пирамиданың; ә) n - бұрышты призманың неше диагоналі болады?

19-есеп. Торкөз қағазда: а) төртбұрышты; ә) алтыбұрышты пирамидалардың қырлары кескінделген. Пирамидаларды салыңдар.



Maximum Math